

егемен

ҚАЗАҚСТАН

Сұлулық сапары

Нешеме жылдар өтсе де, жадында жаңғырып, көңіліңнен кетпей жүретін көркем кісілер бар. Соның бірі де бірегейі академик Зейнолла Қабдолов еді. Дана адамның дидары кейбір тұнжыр күндерде есіңе түссе, тіпті еңсеңді тіктеп жібереді. Сол аяулы ұстаздың асыл жары Сәуле апаймен арагідік хабарласып тұру дағдыға айналған талай күндер де өтті. Арадағы дәнекер, әрине, ұлы ұстаз рухы.



«Жә, қарағым, мен қай жерде отырсам, сол жер – төр»

Ғажайып педагог апайымыз көп сөйлеп уақытыңды алмай, көңіл күйін жарты беттік жазбамен білдіріп, өзінің де, сіздің де уақытыңызды бағалап, сол баяғы ұстаздан қалған мәдениетті, эстеттік қалыпты аңғартып отыратын. Апайдың бірнеше запискасының бірі мынау: *«Қарағым Қали! Мына «Дана дидар» Зекең қаламының соңғы қимылы, тіпті соңғы арманы мен ақырғы тынысы да осында.*

Дүниеден өткенде жазу үстелінде ашулы дәптері мен қимылсыз қаламы қалды ғой.

Бәрі де аяқталмаған. Соны өзің сияқты шәкірттері жинақтап шығарып берді. Өзіңді әр кез Зекең рухы қолдасын!

Сәуле апа. 11.10.2011 ж.»

Сол «Дана дидарды» қолға алғанда өн бойымды бір діріл қуалап, ерекше күй кешкен күн де есте. Апай айтқандай, «Зекең қаламының соңғы қимылы, тіпті соңғы арманы мен ақырғы тынысы да осында» екенін сезсек те, бұл дүниелерді оқыған сайын, соншалықты тартымдылығынан ба екен, аяқталған тәрізді көрінді де тұрды. Абайдың «Мәселе істің қалай аяқталғанында емес, басталғанында» деуі де көңіліңді жайландырады.

«Зекең жарық дүниеден озғаннан кейін күйзеліп отырып, жазу үстелінің тартпаларын, қағаздарын көрмекші болып кабинетіне бардым. Қасымда Атырау университетінен келген Қадыр Жүсіп бар. Екеулеп қағазды ақтарып отырмыз. Менің ойым: қайғымды жеңілдету үшін сылтау іздегендей... Осынша шұрайлы тілімен, терең оймен, келбетімен қызқырқынға жазғанын тауып алсам, қайғым жеңілдер ме еді... Оны, әрине, Қадырға білдірмедім. Екеулеп қағаз ақтарып отырмыз. Қолжазбалар, пікірлер, жеке тұлғалар туралы жазылған жайлар, университет мәжілісі қағаздары, тағы басқалар. Мен қалжырап жатып қалдым. Қадыр бір кезде: «Апа, таптым», деді. Ұшып тұрдым. Қарасам, осы хат. Шамамен 70-жылдар аяғында жазылған. Бірақ аяқталмаған».

Ұстаздың «Сәулеме хат» деген эссесін айтып отыр (Зейнолла Қабдолов тағылымы. Алматы: «Қазақ университеті», 2007. 408-б.). Сол хатында Зекең «Қалам иесімін. Білемін: бас борышым – бас кітабымды жазу. Ал осының өзі де ертеңге қала берген» депті.

Ұстаз сол бас кітабын жазып та кеткендей ой қалдырады. Мына сұм жалған кімнің тілегін тап-тұйнақтай етіп орындап, ер-тұрманын түгендеп кетуіне мүмкіндік жасап, күтіп тұрады дейсіз. Ол кешегі бәрімізді қанаттандырып, ұлы өнерге дайындаған «Сөз өнерін» былай қойғанда, соның бір үздік жалғасындай «Менің Әуезовім» ұстаздың бас кітабы десек, қателеспейміз. Бірыңғай сыр мен жырға, кісілік пен ізгілікке, даналық пен даралыққа құрылған бұл кітапта, Зекең әлгі хатында жазғанындай, «Ғұмыр бойы ғашық болу, адамдарды жақсы көру, еңбек ету» деген секілді өмірінің үш пара мағынасын тайға таңба басқандай етіп қалдырады.

«Менің Әуезовім» ұлт үшін аса қажет құнды деректер мен дәйектерге ден қойғызады. Ұлы тұлға арқылы көркем тарих жасайды. Әркім көңіл қошына қарай әрқалай айтатын әңгімелерді бір ізге салады. Ел ішінде Әуезовтің «Мен отырған жердің бәрі төр ғой» деген атақты сөзі көп айтылады. Ал енді шын мәнінде осы сөз қай уақытта, қашан, қандай жағдайда айтылған?! Роман-эсседе бұл сөзге нақты жауап бар. Оқиық.

«...Сол Рашидов – Тәшкент құрылтайының тұсында Өзбекстан жазушыларының жетекшісі ғана емес, Республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы. Дәл қазір әлемдік үлкен құрылтайды ұйымдастыру комитетінің тұтқасы. Конференция төралқасында отыз сегіз елден келген отыз сегіз делегация басшыларымен бірге күллі кеңес елінен тек қана Рашидов

отыруға тиіс. Басқалардың бәрі залда болуы шарт. Соған қарамастан Рашидов Әуезовті көргенде құрақ ұшып, өзін-өзі ұмыта берді.

– Мұхтар Омарханович, төрге шығыңызшы деймін, төрге!

Шараф қайта-қайта жалынып қоймаған соң, алдыңғы қатарда отырған Симонов пен Сурков, Айбек пен Тоқамбаев – бәрі Мұхаңа бұрылып, оның төрге өрлеуін қалады. Мұхаң біртүрлі ыңғайсызданып орнынан тұрды да, аз ойланып:

– Шарафжан, сыйлағаныңа рахмет, бірақ, ол жер – менің емес, сенің орның, – дей беріп еді, Рашидов:

– Төрге шығыңыз! – деп тағы қайталады.

Мұхаң ендігісін ерсілеу көріп:

– Жә, қарағым, мен қай жерде отырсам, сол жер – төр! – деді де, қайтадан орнына орнығыңқырап отырды.

Борис Полевой сүйсіне таңданып, рақаттана күлді:

– Ой, Мұхтар Омарханович, қандай тауып айттыңыз, ah! Ой-ой-ой!..».

Рашидов басқарған жылдар өзбек халқының өміріндегі қайта дәуірлеу, өрлеу жылдары болғанын ғажап суреттейтін Қабдолов сол тұлғаның Мұқаңның алдында соншалықты кішік болғанын керемет келбеттейді. Сүйсініп отырып жазады. Өмір деген сол. Көзі тірісінде Мұқаң отырған жердің бәрі төр болса, жылдар өте келе сол төрге Қабдоловтың шығуы да ғажап сәйкестік еді.

«Ұлы қазақ халқы!»

«Менің Әуезовімдегі» ендігі бір әсерлі тұс – Мұқаң бастаған жазушылардың Шолоховты күтіп алуы. Роман-эсседен тағы үзінді келтірейік. «Не айта беретіні бар, самаладай жайнаған Алматы әуежайында ұшақтан түскен Шолоховты бір көрудің өзі жиналған жұрт үшін өздері жатқа білетін «Тынық Донның» жан тебірентер мың суретінің бір сәт елестей қалған бір ғана көрінісіндей соншалық сүйкімді еді.

Бірақ онша сүйкімді емес бір жері – Шолохов удай мас.

Траптан еңгезердей Сафроновтың қолтығында шайқалақтап әрең түсті де, кірпігі кірпігіне жабысып жатқан қызғылт көзін әрең ашып, өзін аңсай күткен қарсы алушыларға ұйқылы-ою манаурай қарады, бірақ ешкімді жыға таныған жоқ. Жалғыз-ақ өзіне «Ау, Миша, қымбаттым!» деп омы-раулай ұмтылған Сәбит Мұқановтың иығына қалжыраған қолын салды. Сафронов ағасын қолтығына қыса құшақтап, Ғабиден Мұстафиннің сол кезде шарбастықтар ғана мінетін қайқы бел қара Зиміне қарай басты. Өзіне жаппай, жабыла ұмтылған өзге әріптестеріне көз тоқтатып қарай алмады. Көбімен қол алысқан да жоқ, үнсіз барып машинаға отырды да, диванға қисайды.

Әуезовтің Шолоховтан тұңғыш көңілі қалған жері осы еді. Мүсіреповке қарап өкініп тұрды:

– Бәлі, білместік қана емес, білімсіздік қой мынау. Білімсіз кісінде мәдениет қайдан болсын. Ой-бо-о-ай! Бұл қайда, Толстой қайда?.. Жә,

тауға, демалыс үйіне сен үшеуің апарыңдар. Мен шаршадым, ертең съезде жолығармыз.

Ертеңіне сәскеде Шолохов съезд төралқасында отырды. Сап-сау. Дым көрмегендей. Кеңес классикасының үлгісі болған, әлем әдебиетінде теңдесі жоқ мәңгілік кітаптың авторы да періште емес, кәдімгі өзіміз секілді жер басып жүрген адам екеніне таңдана тамсанып, қуана, құлшына қол соққан залға қайта-қайта орнынан тұрып бас изеді. Съезде Мұстафин жасаған бас баяндаманы да зейін қоя тыңдады.

Бұл пікір Шолоховқа ұнамады. Өзіне қонақ ретінде құттықтау сөз берілгенде бұл Мұстафинге тиісті:

– Менің Мұстафин жолдасқа берер кеңесім – «Мөлдір махаббатты» қысқартам дегенше, өзінің ұзақ-сонар баяндамасының жартысын қысқартқаны жөн. Өйткені романнан гөрі баяндаманы қысқарту әлдеқайда оңай!

Тыңдаушылар ду-ду қол соқты.

Залды бұдан да гөрі риза ғып қатты тебіrentкен сөз – Шолоховтың қазақ жазушыларымен етене сырласа келіп, кешегі Отан соғысы кезінде өзінің үй іші-отбасына пана болған, соғыстан кейінгі отыз жыл бойы үзбестен жаз бен күзде жағасында әрі демалып, аң аулап, әрі шатыр тігіп шығармаларын жазған Жайық жағасы, Орал қаласы, қасиетті қазақ даласы өзінің екінші Отаны болып кеткенін, өзін «Донда казак, Оралда қазақ» секілді сезінетінін айтып толғанғаны болды және тарихта тұңғыш рет «Ұлы қазақ халқы!» дегені еді. Жеңіс жылғы Сталиннің «ұлы орыс халқы» деген сөзінен кейін бұл атауды Шолохов екінші рет сұрапыл соғыс жылдарында басына пана болған қазақ халқына сыйлағаны Әуезовті де қатты тебіrentіп, ол кешегі ренішінен тап-таза арылып шықты».

Әрине, қазақтың мәдениеті мен өнері, айрықша жаратылған халық екені туралы талай ғұламалар айтқан биік сөз аз емес. Алайда мына сөздің жөні бөлек. Орыс аға халық болып, қазақты екінші сорт халық ретіндегі бағаның, көзқарастың әбден шырқау шыңға шыққан тұсында Шолоховтың жұрт арасында емес, мәртебелі мінберден «Ұлы қазақ халқы!» деуі және оның тұңғыш рет айтылуы шын мәнінде ұлы оқиға еді. Осы сөзден кейін ұлы Мұқаңның көңілінде қылау қалмауын айтсаңшы. Садағаң кетейін, ұлт үшін айтқан жылы сөз үшін кешегі надан көріністі әп-сәтте кешіріп жіберген кемеңгерлігін айтсаңшы. Бәлкім, Шолохов Мұқаңнан ыққан болар. Қалай болғанда да осы сөздің Әуезовтің арқасында тарихта қалғанына дау бар ма?!

«Қазақтың күні», «ұлы жазушы»

Енді романдағы үшінші көрініс туралы.

М.Әуезовтің 1949 жылы 10 сәуірде бірінші дәрежелі Сталиндік сыйлықты алғаны белгілі. Арада аттай он жыл өткенде 1959 жылы 24 сәуірде Лениндік сыйлықты алады. Міне, осы күнді Әуезовтің үйіне

жиналған жүз шақты кісі атап өтеді. Осы күні небір тілектер ақтарылады. Сәтбаев, Мұқанов, Мүсірепов, Мәуленов сөйлейді. Қысқасы, таң қылаң бере Ә.Нұрпейісов пен З.Қабдоловқа сөз тиеді. Осы сәтті, әсіресе Ә.Нұрпейісовті суреттеуі өз алдына, ең бастысы, ол кісінің айтқан тілегін келтіре кетейік: «Менің ойымша, Мұқаң – қазақтың жыртық үйінің жабығынан түскен күн ғой, күн! Қазақтың күні» дейді Әбекең. Ал Зекең «Ұлы жазушы» дейді.

* * *

«Тойшылар таң біліне тарап, мен де үйіме келіп шырт ұйқыда жатыр едім, телефон сылдыры оятты:

– Сізді Жандилдин шақырады, тоғызда Орталық партия комитетіне келіңіз.

Трубканы орнына қойып едім, дереу қайта сылдырлады:

– Мен ғой, Әбдіжәміл. Сені Орталық Комитетке шақырды ма?

– Шақырды.

– Барамыз ба?

– Барайық.

Орталық Комитетке келсем, хатшының қабылдау бөлмесінде Әбдіжәміл отыр. Аң-таң:

– Таң атпай не шақыру бұл?!

Қабылдау бөлмесінде отыратын Тося деген келіншек хатшыға кіріп шығып, маған қарады:

– Кіріңіз.

Кірдім. Ұзын кабинеттің сонау көз ұшындағы төрінде хатшы отыр. Мені көріп, орнынан тұрды. Әншейінде өрт сөндіргендей сұп-суық түсі ашуға булығып, тіпті түнеріп кеткен. Түнерсе, бар түгі бетіне шығып, тұнжырап, қарсысындағы кісіні көзімен атып зәресін алады. Бірақ бұл мені сыйлаушы еді, сәлемдеспегенмен, даусын онша көтермей, алдындағы креслоны иегімен нұсқады:

– Отыр!

Отырдым. Сол-ақ мұң екен, Нұрекең шыдамады, зіркілдей жөнелді және сөзін салған жерден орысша бастап:

– Я не узнаю тебя, Зейнулла! – деді де қазақшаға әрең көшті. – Кеше ғана өзің осы арадан кеткен жоқ па едің, не боп жүр саған? Нұрпейісовтікі не? Әуезовті бірің – «ұлы», бірің – «қазақтың күні» дейсіңдер. Мұндай сөздер біздің елде көзі тірілерден кезінде Сталиннен басқа кімге айтылып еді? Айтылмайтыны рас. Қарсы бола алмадым.

– Кешіріңіз, енді айтпайық! – дедім.

Баланың сөзі секілді болды-ау деймін. Хатшы амалсыз күліп жіберді. Ұзын кабинет ішін ұзақ-ұзақ үнсіз кезіп жүрді де маған:

– Барыңыз! – деді.

Мен:

– Әбдіжәміл де келген, ол менен бетер үрейленіп отыр. Әлгі ақылыңызды сіз үшін мен айтайын, қабылдамай-ақ қайтарсаңыз қайтеді, – дедім.

Ол тағы да біраз үнсіз жүріп-жүріп:

– Жарайды, бара берсін! – деп, менің бағана келгенде алмаған қолымды кетерде алғанда мұп-мұздай саусағының ұшын ұсынды.

Әбдіжәміл бәледен құтылғандай қуанып кетті. Жалғыз-ақ маған қарап: – Ойтырмай, біздің сөйлегеніміз әлгіде, таң алдында ғана емес пе еді, сол екі арада хатшыға қалай тез жетіп қалған және кім жеткізген? – деп таңырқады».

«Мынау «недоросльдерің» кім, қарағым?»

Бұл жағдайға қалай жағанды ұстамайсың. Қазақтың өзіне-өзі жау болған заман да болды ғой. Бертініректе осыған ұқсас бір жайдың куәсі болып едім. «Жас Алашта» «Менің Әуезовімнің» бірінші кітабына ұқыпсыздықтың кесірінен бір сауатсыз пікір жарияланып кетті. Мен онда кішігірім бастық едім. Ұстаздан қарадай қысылып, кірерге тесік таппай жүрдік. Өзімді-өзім дайындап, әбден қисынды деген сөздің қиюын енді келтіріп, енді эне-міне хабарласамын деп, онда да хабарласуға жүрек дауаламай жүргенде, академик таңғы төртте жазып бітірген «Редакцияға хат» (6.07.1999) деген шағын сөзін алып келіп, бұл сұмдықтан құтқарған да өзі еді. Оның мәтінін кезінде «Жас алашқа» жариялағанбыз. Бір күні редакцияны жап-жарық етіп өзі кіріп келмесі бар ма? Сол баяғы сұлу пішін, сұлу сөз, зипа қалпымен «Мынау «недоросльдерің» кім, қарағым?» деді. Іле-шала осы тақырыппен ұстаздан кешірім сұрап, өзім мақала жаздым. Бұл да болса, ешқашан өлмейтін «Менің Әуезовімнен» туындап жатқан ой ғой. Аяқталмаса да аяқталмағанға бергісіз, өзі айтқандай, мұндай «бүтін бітімді» туындылар әлі де талай ұрпаққа ой салары сөзсіз. Сондықтан ұстаздың өзі асыл жарына сыр ғып жазған хатында айтқанындай, «бас борышы – бас кітабын» ендігі жерде ешкімнің қорлауға хақы жоқ және олай болмасына кәміл сенесің.

Сондағы бір сурет (суретшісі табылса) менің көз алдымнан әлі күнге кетпейді. Әрине, әдетте мұндай жағдайдағы адамды ашу үстінде күтесің ғой. Оның үстіне «Менің Әуезовіме» қиянат жасалып отырса. Жоқ, ұстаздың ұстамдылығына, парасат-пайымына қайран қалдым. Сол жолы мен Қабдоловтың көзіндегідей мейірімді ешқандай ұстаздың көзінен әлі күнге көргенім жоқ. Мен сөздің сәулесіне жылынып тұрдым. Адамды жақсы көрудің өзі де әркімнің емес, осындай айрықша жаралған адамдардың ғана қолынан келетініне тұңғыш көзім жетті. Кей-кейде есіңе түссе, елжіреп сағынатын сол қамқор көңіл, мейірімді ұстап қалғанда Сәуле апай болып көрінеді.

Бұл кісінің академик Манаш Қозыбаев туралы «тарихшылардың ішіндегі ақыны, көсемсөздің көкжалы» немесе «Шерхан ұлттың ұяты және өмірлік тайталастың тарланы», «Қалтаймен жау болудың өзі бір бақыт», «Амантай қажы бірде үрей, бірде мерей», «Кірпігінде кірбің бар Имаштың», «Торғай ұлттың ұшқан ұясы болса, Сыр қонатын қиясы» деген атақты сөз байламдары, теңеулері, «кірпігінде кірбің бар

Имаштың» деген ауызекі сөзін былай қойғанда, жазған хатының өзінде көркем тілдің үлгілері ұшқындап тұратын. Бір ғана «Сәулеге хатының» өзі де тұнып тұрған сөз емес, саз ғой.

Расында, не жазса да, қай жанрда жазса да әбден иін қандырып, саз жазатын ұстаздың жолжазбаларының өзінде кейбір қалың романдардан таба алмайтын суреттер өріп жүреді. Бұл ретте 1958 жылы жазған «Жолжазбаларындағы» тұнып тұрған адамтану, елтану, табиғат суреттерін айтар болсақ, одан да бас ала алмай қаласыз.

«...Сәуле екеуіміз суға түсе қалдық. Алдымызда көкжиек жоқ. Аспантүстес теңіз алыс қиырдан барып, аспанға ұштасып, торғындай толқып кеткен. Біз суға түскен сияқты емеспіз. Аспанды алыстан бүктеп әкеліп, шетін (етегін) аяғымызбен басып тұрған тәріздіміз.

Керемет!».

* * *

...Мейрамханаға Тәкен Әлімқұлов келді. Өзін сағынып жүр едім, жақсы кездесті. Арғымақ ит өзі, жақсы көремін. Бұл жүрген жерде көңілділік бар. Мен серпіліп, жайнап кеттім.

* * *

Харьковте маған қатты әсер еткен Тарастың ескерткіші: ұлы ақын биікте, теңіздей терең ой үстінде тұр; маңын қоршаған өзінің әйгілі Катеринынан бастап, бүкіл өзі жасаған геройлар... ғажап.

Менің көз алдыма итарқа күркедегі қыңырайған Сұлтанмахмұттың моласы, тымағы жылтыраған (өзінен аты сұлу) Амангелдінің ескерткіші келді...

Сорлылық емес пе?»

Бұдан кейін Чеховтың мұражайынан жылап шыққан ұстаздың сөзін оқып, қосыла жылауға шақ қаласыз.

Бір заманда осынау Ялтаға келіп, оның тіл жетпес кереметін көріп тұрып Чеховқа ағыл-тегіл хат жазған суретші Исаак Левитан есіме түсті. Қабдолов көзіме Левитан болып елестеп кетті. Одан әрі Бақшасарай хикаясына тәнті боласыз.

Қысқасы, «теңіздің дәмі тамшысынан білінеді», осынау мөлтек дүниелердің өзі де сізге ой арқалатуға, адамтануға, елтануға жетіп жатыр.

Соншалықты түгесілмейтін, құйылып келе беретін не деген сезім, сыр деймін-ау. Жай сөзінің өзі жалындап тұрады. Шынында, бұл кісі «сөзбен ғана демалатын секілді» (Медетбек).

Мына бір тәмсілді ұнататыным сонша, кейде ретін тауып пайдаланып та отырамын. Ұстаз туралы ойлағанда да есіме түсіп отыр. Бір ғұлама өмірден көшерінің алдында қаумалап отырған ағайыны «нені қимайсыз?» деген сауал қойса керек. Сонда әлгі данышпан «бәрін де қимаймын, әсіресе әнді қимаймын» депті. Ұлы Қабдоловтан бұл жайында ешкім сұрамаған болар-ау, бәлкім, сұрай қалса, өзі әр сөзін әнге айналдырып жіберетін сөзді қимаған болар-ау. Ол өмірден көшкелі

жатқанда деймін-ау, сұлулық та сәл мұңайып көркемдіктің де қабағын кірбің шалған болар-ау.

Шота Уәлихановтың жары Зинаида Кәрімқызы айтқандай, «Зекең ағамыздың сөзі түгіл, жүрісін, бітімін көргенде, өмір сүргің келеді» (5.02.2000ж.).

«Көрген түстей, сағымдай...» атты кітабына жазған қолтаңбасында Сәуле апай: «Қарағым Қали! ...сұлулықтың өзі де сығып алған шығар көз жасын», – деп жазғаның есімде. Қабырғаң қайысып еді-ау, қарағым. Ал мынау менің көз жасым, зарым. Әрдайым Зекеңнің рухы қолдасын! 12.12.2009 ж.» деп жазған еді.

Бүгінде бізден қашып бара жатқан «қарағым» сөзіне елжіреп, осы қолтаңбаға тағы бір мәрте үңіліп, ойлап қарасам, бұл күнделіктің әр жолы шынында да сүйген жардың көз жасының бір-бір тамшысындай мөлдіреген, сұлулыққа қойылған ескерткіш екен ғой.

Егер Қабдолов әлеміне қайта еніп сұлулықтан сыр тартсақ, композитор болсақ, Тілендиевтің «Махамбетіне» жетеғабыл «Сұлулық симфониясын» жазған болар едік. Ал мықты мүсіншісі табылса, ендігі ұстазымызға қояр еңселі ескерткішке «Сұлулық» деген бір ғана сөз жазылса жетіп жатыр. Оның бар болмысы, өзі айтқандай «бүтін бітімі» осы сөзге сыйып тұрған жоқ па!?

Апайдың өзі жазғандай, Иманғалидың «Сұлулыққа айналған «Құлпытас» деген кітабында «Сұлулыққа айналған қасірет, сұлулыққа айналған нәрсе ешқашан өлімге бас имейді».

Ұстаз есіңе алған сайын сұлу сөз бен сұлу саз сені қоса арбайды. Біздің бақытымыз да сонда, өзіңді осынау кемелдік кемесіне мініп алған сұлулық сапарының бір жолаушысындай сезінесің.